

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 64 (9382) | 1954 жылғы 24 март Сәрсенбі | Шығуына 35 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Еңбек өнімділігін арттыру—сапалы, арзан өнім шығарудың кепілі

Партиямыз бұл үкметіміз халық шаруашылығының барлық саласын жедел өркендетіп, еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени дәрежесін онан сайын жақсарту міндетін алға қойып отыр. Бұл міндеттің ойдағыдай орындалуы алдымен шаруашылықтың барлық салаларында—энергетика, транспортта, ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін барынша арттыруға байланысты.

Міне, сондықтан да партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында халық шаруашылығының барлық салаларына озат техниканы енгізу, еңбек ұйымдастыруды жақсарту және еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін үздіксіз көтеру негізінде бес жыл ішінде өнеркәсіпте еңбек өнімділігін шамамен 50 процент арттыру міндеті қойылды. Көзір бұл міндет ойдағыдай орындалуда. 1952 жылдың өзінде ғана 1950 жылмен салыстырғанда өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 17 проценттен аса артты. Бұл соғысқа дейінгі дәрежеден 60 процент артық. Ал, 1955 жылы өнеркәсіпте еңбек өнімділігі соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан екі есе асып түседі.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындарының коллективтері де өндірісті ұйымдастыру және еңбек ұйымдастыру ісін жақсартып, өнім шығаруды барған сайын ұлғайтуда, оның өзіндік құнын кемітуде. Бұған паровоз және вагон жөндеу цехтарының, былғары заводты мен темекі фабрикасының еңбектегі табыстары толық мысал бола алады. Бұл кәсіпорындары техника қуатын толық пайдалану, өндірісте еңбектің озат әдістерін кеңінен қолдану, ауыр жұмыстарды механикаландыру нәтижесінде еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға, осы арқылы никеізатты, отын мен материалдарды көптеп үнемдеуге, өнімнің өзіндік құнын көп кемітуге жетісіп отыр.

Аталған кәсіпорындары Ленинградтың «Электросила» заводы коллективінің кәсіргі бір өндіріс алаңын ұлғайтпай-ақ өнім шығаруды арттыру жөніндегі игілікті бастамасын қызу қолдап, осы жылдың алғашқы айларынан бастап өнімді жұмыс істеуде. Бұлар январь, февраль айларында өндірістік жоспарды артығымен орындап шықты.

Бірақ, облыстың өнеркәсіп орындарының

маланады, технологиялық процестерді жетілдіру, жаңалық табу, оны іске қосу жұмысымен ешкім жеткілікті шұғылданбайды.

Халықтың әл-ауқат дәрежесін онан сайын жақсарту мүддесі шаруашылықтың барлық саласында еңбек өнімділігін үздіксіз және мықтап арттыруды талап етеді дедік. Олай болса, әрбір кәсіпорнында бұл істе орын алып отырған кемшіліктерді дереу жойып, оны мықтап қолға алу қажет.

Еңбек өнімділігін арттырудың материалдық негізі—техникада, техниканы, технология мен өндірісті ұйымдастыруды үздіксіз жетілдіруде болып табылады. Сондықтан кәсіпорындарының басшылары, партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары техника қуатының толық пайдаланылып, технологиялық процестердің үздіксіз жетілдірілуін, өндірістің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Социалистік өнеркәсіпті тез қарқынмен өркендетуді және еңбек өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуде еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың, өндіріс процестерін автоматтандырудың зор маңызы бар. Бұл өнім шығаруға жұмсалатын еңбекті көп мөлшерде қысқартуға, еңбек өнімділігін едәуір арттыруға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге зор мүмкіншіліктер туғызады. Кәсіпорындарының басшылары өндіріс резервтері мен мүмкіншіліктерін сарқа пайдалануды ұйымдастырумен бірге, бұл мәселеге күнбе-күн көңіл бөліп отыруға міндетті.

Өнеркәсібіміз алдыңғы қатарлы техникаға бай. Осы техниканы іске қосып, оның мол қуатын толық пайдаланудың тетігі —маман кадрлардың қолында. Демек, өндіріс қуатын тиімді пайдалану, еңбек өнімділігін мықтап арттыру ісін жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін, мамандығын барынша көтермейінше ойдағыдай шешуге болмайды. Жұмысшылардың білімі мен мамандығын көтеру оларға техниканың қуатын тиімді пайдалануға, өндіріс процестерін тездетуге, өнім шығаруды ұлғайтуға зор мүмкіндік беретінін тәжірибе толық дәлелдеп отыр. Мұнымен бірге, жұмысшылардың мамандығын үздіксіз көтеру, жаңалық табу, еңбек өнімділігін арттырудың, өнім сапасын жақсартудың жаңа жолдарын іздеп

### Облыс кәсіпорындарында

#### Жоспардан тыс өнім

Қаладағы «Ударник» кәсіпшілік артелиінің коллективі көпшілік тұтынатын товарлар шығаруды ұлғайту жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Осы арқылы коллектив өндірістік жоспарды орындауда айтарлықтай табыстарға жетіп келеді.

Коллектив ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, бірінші тоқсандық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға міндеттенген болатын. Артель жұмысшылары алған көтеріңкі міндеттемелеріне лайық еңбек етіп, сайлау күні —14 мартқа дейін тоқсандық жоспарды артығымен орындап шықты. Жоспардан тыс 20 мың сомның өнімін берді.

Коллектив өндіріс резервтері мен мүмкіншіліктерін толық пайдаланбайынша өнім шығаруды ұлғайтуға болмайтынын жақсы біледі. Сондықтан да артель жұмысшылары өндіріс қуатын сарқа пайдалану жолында аянбай еңбек етуде. Олардың тоқсандық жоспарды екіжарым ай ішінде ойдағыдай орындап шығуы, міне, осының игілі нәтижесі.

Өндіріс қуатын іске толық қоса және еңбек өнімділігін батыл арттыра отырып, артель коллективі 1 апрельге дейін жоспардан тыс тағы да 25 мың сомның өнімін беруге міндеттенді. Бұл күндері артель жұмысшылары осы міндеттемесін аброймен орындау жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Қ. АСАНОВ.

#### Таңдаулы бригадалар

А. И. Микоян атындағы ет-көксері комбинатының шұжық тағамдарын өндіретін цехының жұмысшылары өндірістік жоспарды мінсіз орындау жолына өздерінің күш-жігерлерін аямай жұмсауды.

Бұл күресте цехтың Тимакова, Вишнякова жолдастар басқарған бригадалары үздік алды. Бұл бригадалардың мүшелері өзара социалистік жарысқа ұштасып, осы жылы бірінші тоқсандағы өндірістік жоспарды артығымен орындауға сәт берген еді. Сөгіне әрқашан беріп олар алған; ұлғайтылған міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Аталған бригадалар өздерінің ішкі мүмкіншіліктерінің тиімді пайдаланылуына жетісіп, тоқсандық жоспарды көздің өзінде-ақ толық орындады.

Тимакова, Вишнякова жолдастар басқарған

Жұмысымыздағы кемшіліктерді батыл ашу керек, ауылшаруашылық органдарының жұмысын жоғарыдан төменге дейін жақсарту керек. Ал, бұл үшін ең алдымен партия мен үкмет ауыл шаруашылығы органдарындағы жұмысты тапсырған барлық қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру қажет.

Н. С. ХРУЩЕВ.

## Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасы

(Жалғасы. Басы «Ленин туының» 22, 23-марттағы сандарында)

Жұртқа мәлім, қант қызылшасы көбінесе Украинада және орталық-қаратопырақты өндіріс оңтүстік аудандарында өсіріледі, ал, қызылша өгінің өсіру жөніндегі ғылыми зерттеу институты Москвада, Ленин ауданында. Осы институттың Москва маңайында болуы үшін қажеттілік бар ма? Бола қоймас. Сірә, бұл институттың осында болуы кейбір қызметкерлердің ғылым мүдделерін басшылыққа алмағандығынан болар.

Дәл осында, Москва түбінде, ара шаруашылығын өсіру институты тұрады. Бишара аралар -ай! Олар химия заводтарының әрқашан түтінін жұтуда, ал, сіздер білесіздер, аралар түтінді тіпті сүймейді. Бірақ, аралардың мүдделері мен істің мүдделері осы институттың басшы қызметкерлерінің мүдделерімен қайшы болып отыр. Олардың жыйнайтын балы көп емес, бірақ, Москваға географиялық жағынан жақындығы оларды өбден қанағаттандырады, ал, Москвада олар астананың магазиндерінен сырттан әкелінген балды сатып ала алады. Мынадай сұрақ туады: Егер институт басқа облыста тұратын болса, аралар өзін жақсы сезген болмас па еді?

Одан соң. Эфир-май дақылдарының ғылыми-зерттеу ин-

## Селода партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі арттырылсын

Сентябрь Пленумының қарарларын орындау жолындағы күресті ұйымдастыра отырып, Орталық Комитет партияның республикалық, өлкелік, облыстық және аудандық комитеттерін нығайтуға, ауыл шаруашылығына басшылық етуде олардың жұмысын жақсартуға ерекше маңыз беріп отыр.

Ауыл шаруашылығын өркендетуде ірі кемшіліктерге жол берген республикалардың, өлкелердің және облыстардың партия орындарының қызметіне Орталық Комитеттің қадағалап көңіл бөлетіндігі табиғи нәрсес. Сентябрь Пленумынан кейін Орталық Комитетте Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Молдавия Компартиясы Орталық Комитетінің, Башқұрт, Тула, Кострома, Молотов, Астрахань, Воронеж, Новгород, Великие Луки, Калинин, Брянск, Смоленск, Крым, Орел және Ярославль облыстық комитеттерінің баяндамалары тыңдалды.

Белгілі бір партия комитеттерінің жұмысын қарағанымызда біз Орталық Комитетке партия комитеттерінің барлық бюро мүшелерін шақырдық, облыстағы, өлкедегі, республикадағы істің жайы туралы, әсіресе, ауыл шаруашылығының жайы туралы олардың бөлетіндерін тыңдадық.

Бюро мүшелерімен бірге бас қосып мәселені қарай отырып, кемшіліктерін бөліп анықтап, тәжірибе алмастыруды

титуғының Москвада болуының қандай мәні бар? Май дақылдарын өсіру жұмысы көбінесе оңтүстік аудандарда жыйнақталған ғой.

Бұл іске араласып, жағдайды түзету керек, жолдастар. Ғылыми ауылшаруашылық институттары мен тәжірибе станциялары ең алдымен дақылдар өсірілетін, бұл дақылдарды осы институт немесе тәжірибе станциясы зерттейтін өңірлерге орналастырылуға тиіс.

Біздің елімізде, әрбір республикада, әрбір облыста ауыл шаруашылығы жөнінде ғылыми жұмыс үшін жағдайлар бар. Мемлекет қажетті материалдық құралдар беріп отыр. Керекі тек біреу ғана, ол —ауыл шаруашылығын зерттеуге және ғылымды алға бастыруға деген ықылас. Орталықтан алыста жүріп жұмыс істеген ғалымдардың өздерінің ғылыми жаңалықтары арқылы бүкіл дүние жүзінде даңғы шыққаны жөнінде ондаған мысалдарды айтуға болады.

Біздің партиямыз ғылымды бағалайды, өйткені, ғылым болмайынша біз алға баса алмаймыз. Совет Үкметі ғалымдарды қолдап келді және бұдан былай да барынша қолдайды, олардың творчестволық жұмысы үшін барлық жағдайды жасап келді және жасай береді. Бірақ, біз ғылымға аш көнеше жабысып алған және егер институт Москвада, София немесе, ең болмағанда, Пятигорскіде болмаса, онда ғылыми жұмыс өшеді деп санайтын жалған ғалымдарға қарсымыз.

механикаландыру керек-міс деп жалпы ұран айтумен тынуга мәжбүр болатын адам болса, ал, осындай басшыдан отамалы деген не, оған қандай дақылдар жатады немесе егудің шаршы-үялау өдісі деген не және шаршы қалай болады деп сұрағанда ол жауап бере алмаса немесе шатастырылған, ақыла қонымыз жауап берсе, одан қандай басшылық болмақ. Бағнылардың осындай категориясына осы Пленумда қатысып отырған, зығыр шаруашылығы облысында жұмыс істейтін, соған қарамастан ол зығырды отамалы дақыл деп есептейтін Молотов облыстық атқару комитетінің председатели Никольский жолдас, Кострома облыстық атқару комитетінің председатели Хорьков жолдас және басқалар қосылады.

Кейбір партия және совет қызметкерлері ауыл шаруашылығын білмей, оны шырдап зерттегісі келмей тұрып, қолайсыз жағдайда қалмау үшін колхозшылармен, МТС және совхоз жұмысшыларымен сирек кездесуге тырысады, жер-жерге барып тұрудаң қашады.

Өрине, қабылданған қарарды іс жүзінде ұйымдастырудан гөрі директиваларға қол қою, мінбеге шығып жалпы бағытты қайталап айту, ұрандар салу әлдеқайда жеңіл іс қой. Басшы директиваға қол қойғаннан кейін кабинетінде қалып қояды.



дегенімен, өдеуі, арзан өнімді жол шығарудың кепілі — еңбек өнімділігін арттыру ісі әлі де болса өз дәрежесінде емес. Бүкіл еліміздегідей облыстың кәсіпорындары да отандық алдыңғы қатарлы техникамен мол жабдықталған. Бұл оларға өндірісті ұйымдастыруды барынша жақсартып, өнім шығаруды ұлғайтуға, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кеміте беруге зор мүмкіндік туғызады. Ама! не, өнеркәсіп орындары осы бай техниканың қуатын нашар пайдаланып келеді. Мұның себебі сол — бірқатар кәсіпорындарының басшылары өндірісті ұйымдастыру ісіне жете көңіл бөлмейді, жұмысшылардың техникалық білімі мен мамандығын арттыру, еңбектің озат әдістерін қолдану және оны тарату, технологиялық процестерді жетілдіру, үнемшілік тәртібін күшейту ісімен нашар шұғылданады. Соның салдарынан өнім шығаруда ақауға жол беріледі, шикізат, отын мен материалдар ұқыпсыз жұмсалады. Ал, мұның өзі тікелей еңбек өнімділігінің кеміп, өнімнің бағасының қымбаттауына әкеліп соғып жүр.

Аяққым, тігін фабрикаларының, нан комбинатының және кейбір басқа да кәсіпорындарының ұзақ уақыт бойына өндірістік жоспарды қанағаттанғысыз орындауының, бұларда еңбек өнімділігінің төмен болуының, шикізаттың, отын мен материалдардың ұқыпсыз жұмсалып, өнімнің өзіндік құнының қымбаттауының негізгі себептері, міне осында.

Сол сияқты, жегу әбзелдері-мебель комбинаты, қалалық өндіріс комбинаты, «Екіпінді» кәсіпшілік артелі өнім шығару жоспарын орындай алмай, тұтынушылар алдында көп борышты болып отыр. Бұларда еңбек өнімділігі өте төмен, өнімнің өзіндік құны тым қымбат. Өйткені, мұнда өндіріс қуаты толық пайдаланылмайды, технологиялық ережелер өрескел бұр-

жағдай жасайды.

Міне, сондықтан да кәзір партиямыз бен үкметіміз халық шаруашылығының барлық саласын жедел өркендетіп, еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени дәрежесін оған сайын жақсарту міндетін ала қойып отырғанда кәсіпорындарында кадрлардың өндірістік-техникалық оқуын жақсартудың маңызы ерекше зор. Кәсіпорындарының басшылары, партия ұйымдары кадрлардың білімі мен мамандығын арттыру ісіне ерекше назар аударып, әрбір жұмысшының технологиялық процестерді жете меңгеруін қамтамасыз етулері керек. Ол үшін әртүрлі өндірістік-техникалық мектептер мен курстарда оқудың сапасын мықтап жақсарту, цехтарда техникалық кабинеттер мен көрмелер ұйымдастыру, мамандығы кем жұмысшыларды тәжірибелі жұмысшылар мен мастерлерге, инженер-техник қызметкерлерге бекітіп, іскерлігін арттыру және басқа да шараларды көнінен қолдану қажет. Сол сияқты, ғылым мен техника, озат тәжірибе табыстарын көнінен тарату, бұл жөнінде лекциялардың көптен оқылуына жетіу керек.

Кәсіпорындарының партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары өндіріс қуатын сарқа пайдалану, технологиялық процестерді үздіксіз жетілдіру, іске қосылмай жатқан резервтер мен мүмкіншіліктерді іздеп табу жолындағы социалистік жарысты көңінен ұйымдастырып, еңбек өнімділігін барынша арттыруға жетісе білулері қажет.

Еңбек өнімділігін үздіксіз мықтап арттырып, елімізге сапалы, арзан өнімді көп беру, сойтіп, халқымыздың әл-ауқат және мәдени дәрежесін оған сайын жақсарту ісіне келелі үлес қосу — өнеркәсіп орындары коллективтерінің бүгін таңдағы ең абройлы міндеті.

## Ертіс жағалауындағы жаңа астық совхоздары

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Облыстың тың жерлерінде жаңадан төрт астық совхозы құрылады. Бұлар механикаландырылған ірі-ірі астық фабрикалары болады. Олар үстіміздегі жылы 65 мың гектар тың жер көтереді.

Жаңа совхоздардың бірі Ертіс ауданының Қызыл таң мекенінде ұйымдастырылады. Ол қатты бидай мен басқа дәнді дақымдар егу үшін 25 мың гектар қара топырақты жерлерді меңгереді. Баянауыл ауданының кең далаларына

2 астық совхозы орналастырылмақ. Ол совхоздардың әрқайсысы бығыл 13 мың гектардан тың жер жыртады. Михайлов ауданында бір ірі совхоз ұйымдастырылады. Жаңа совхоздар ұйымдастырылатын аудандарға жерге орналастырушылар барды. Далада өдеміленіп салынған поселоктер көбейетін болады. Жаңа совхоздар үшін тракторлар, комбайндар, стандартты үйлер үсті-үстіне келіп жатыр.

## Жас патриоттардың мыңдаған өтініштері

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысы облыстың шахталары мен рудниктерінде, заводтары мен фабрикаларында патриоттық өрлеудің жаңа толқынын тудырды. Жаңа жерлерді игеруге қатысуға тілек білдірген жастар мен қыздардан өтініштер үсті-үстіне түсуде. Аудандық және қалалық комсомол комитеттеріне жас патриоттардан мыңнан артық өтініштер түсті.

Жаңа жерлерді игеруге бару үшін Балқаштың 200-ден астам комсомолеттері тілек білдірді. Олардың көпшілігі бұрын тракторшы және комбайншы болып істегендер. Қарағандының Ленин ауданының ауылшаруашылық мамандықтары бар жүзге жуық жас жұмысшылары көктемде мыңдаған гектар тың жерлерді көтеретін Нұра, Қарқаралы, Осокарровка аудандарының МТС-теріне жүріп кетті. Жастардың үлкен бір тобы тракторшылар курстарына жіберілді.

Көктем ортадастардың мүшелері көп жерге масаттану дегенді тінгі білмейді. Олардың мақсаты — еңбек өнімділігін үздіксіз арттырып, халықтың тұтынуына жоғары сапалы шұжық тағамдарын мол беру. Осы мақсатқа жетуді көздеген бұл екі бригаданың мүшелері март айының аяғына дейін жоспардан тыс 15 тонна шұжық тағамдарын өндіруге ұйғарды.

А. ҚУАНДЫҚОВ.

## Озаттар

Вагон жөндеу депосының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері Ленинградтың «Электросила» заводы коллективінің өндіріс алаңын ұлғайтпай-ақ өнім шығаруды арттыру жөніндегі іргілі бастамасын көңінен қолдауда.

Депо коллективі бұрынғы өндіріс алаңында жұмыс істеп, өнім шығаруды барған сайын ұлғайтып келеді. Күрделі жөндеу цехында вагондардың жөндеу мерзімі қысқартылуда. Мұнда Кириллов жолдас басқарған слесарьлар бригадасы вагондарды шапшаң жөндеп, үздік табыстарға жетіп жүр.

Б. ЖАНУЗАҚОВ.

Көктем, бірақ, қарап қабылдағанымыз жоқ, ал, партия комитетінің пленумын шақырып, ол мәселелерді талқылау туралы келістік. Пленумға Орталық Комитеттен өкіл барып, ол өзінің сөйлеген сөзінде ашылған кемшіліктерді атап көрсетті. Мұндай тәртіп партияның ісі үшін партия активінің және партияның барлық мүшелерінің жауаптылығын арттыруға көмектеседі.

Орталық Комитетте облыстық комитеттердің, өлкелік комитеттердің және одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің жұмысын талқылау мынаны көрсетті: барлық жерде ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне көңіл бөлу күшейгендігімен, кейбір облыстардың облыстық комитеттерінің секретарьлары мен облыстық атқару комитеттерінің председателдері Пленумын қарарларының өздеріне толық қорытынды жасамаған. Бұл ең алдымен Новгород, Калинин, Кострома, Молотов және басқа да кейбір облыстардың басшыларына жатады. Олар өздерінің қызметінің Орталық Комитет Пленумының талаптарына сәйкес қайта құрмаған, жалпылама, атүсті басшылық етуін қоймаған, істі білауға негізделген нақты басшылыққа көшпеген, шаруашылықты және озат колхоздардың тәжірибесін зерттеп отырмаған. Олардың қандай өндірістік тәсілде жақсы нәтиже беретіндігін білмейтіндігі анықталды. Ал, мұндай шартсыз басшыда нағыз жүш болмайды, ол өзінің соңынан басқаларды ерте алмайды, оларды үйрете алмайды, оларға қажетті талаптар қоя алмайтын болады.

Өзі басшылық ететіндерге қарап отамалы дақылдарды

# Тың және тыңайған жерлерді игеру — бүкілхалықтық іс

## Механизаторлар әзірлігі

Торангүл МТС-нің механизаторлары (Октябрь ауданы) СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Елімізде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулысына зор өрлеумен қарсы алды.

— Партия мен үкмет жаңа жерлерді игеру арқылы — деді мотор жөндеу торабында жұмыс істеуші Шанкель жолдас әңгіме арасында, — елімізде астық өнімінің молшылығын жасау шараларын белгіледі. Бұл бүкілхалықтық құрметті іске біз, механизаторлар, лайықты үлестерімізді қосуға тиістіміз.

Бұл күндері механизаторлар арасында социалистік жарыс көңінен өрістеуде. Сменалық жұмыс тапсырмаларын артығымен орындаушылардың саны молая түсті. Осының нәтижесінде МТС-те 20 мартқа дейін 43 трактор жөндеуден өткізілді. Сол сияқты, мұнда тіркеу саймандарын жөндеудің барысы да жақсы, 45 плуг, 51 сепалка, 11 луцильник егіз жұмыстарына дайын етілді.

Быйылғы жылы МТС механизаторлары 13 мың гектар тың жер игеруге тиіс. Оның 3100 гектарына көктемде тұқым себіледі. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін механизаторлар көктемгі егіске әзірлікті қысқа мерзімде аяқтамақ.

МТС жанында механизатор кадрларын даярлау және қайта даярлау ісі қызу жүргізілуде. Механизаторлар кұресінде 56 адам оқып жүр. 40 тракторшы тың жерде жұмыс істеу үшін шығыр табанды тракторлардың механизмдерін үйренетін үйірмеге қатысады.

А. ЖОЛДЫҒАРИН,  
(Өз тілшіміз).

## 9000 гектар мың жер игереміз

Біздің совхозда астық өндіруге пайдаланылмай келген мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлердің қоры бар. Оларды игеріп, астық өндіруге пайдалану егіс көлемін едәуір ұлғайтуымызға, аса бағалы азық-түлік дақыл — бидайдың өнімділігін арттыра беругімізге мүмкіншілік жасайды. Ал, бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі — астық шаруашылығын барынша өркендетудің еліміз үшін өмірлік маңызы бар екені мәлім.

Сондықтан да совхоз коллективі өздерінің ішкі мүмкіншіліктерін толық есепте ала отырып, быйыл 9 мың гектар тың жерді игеруге ұйғарды. Мұның 4 мың гектары көктемде жұмысталып, жаздық қатты бидай егуге пайдаланылады.

Бұл жұмыс оңай орындалмайды. Демек, бұл өте-өте жауапты жұмыс. Сондықтан оған кәзірден бастап тыңғылықты әзірленуді коллектив өзінің басты міндеті деп түсінеді. Кәзір совхоздың бөлімшелерінде қанша тың жері бары, ол жерлердің қандай участоктері ерте көктемде жыртлатыны белгіленді. Осыған сәйкес әрбір бөлімшеде тың жерді игеруде жұмыс істейтін арнаулы бригадалар құрылуда. Ол бригадаларда жұмыс істейтін механизаторлар, тіркеушілер және басқа адамдар озаттар есебінен іріктеліп алынып отыр. Сонымен бірге, тың жерлерді жұмыстауға қуатты «С—80», «ДТ—54» тракторларын бөліп қойдық. Егіс жұмысы басталғанға дейін жаңадан 18 «С—80», 5 «ДТ—54» тракторларын және көптеген түренді плугтер, сепалкалар тағы басқа тіркеу саймандарын алатын боламыз.

Көктемде жырттылып, бидай егілетін тың жерлерді бидайлық сыяқты арам шөптерден таза, қары қалың участоктерден

іріктеп алудамыз. Жердің сортаңды, ащы-луда болмауына да ерекше назар аударып отырмыз. Бұл жердегі ылғалдың жақсы сақталуын қамтамасыз етеді. Жырту жұмысы кемінде 20 сантиметр тереңдікте, түренді плугпен жүргізілетін болады.

Совхоз керекті тұқым қорымен толық қамтамасыз етілген. Тың жерге егуге қатты бидайдың «гордейформ 10» сорты бөлініп отыр. Бізде қолда бар тұқымның бәрі де тазартылып, себу сапасына жеткізілді. Зиянды жәндіктерден сақтау үшін тұқымдық дән себер алдында дәріленетін болады.

Тың жерлерді игеруге сақадай сай әзірлікпен барып, егіс жұмысын агротехникалық ең қысқа мерзім ішінде өткізу — астық өнімділігін арттырудың басты шарты. Біздің совхоздың коллективі мұны жақсы біледі.

Сондықтан да совхоз механизаторлары көктемгі дала жұмыстарына трактор паркін әзірлеу ісінің қарқынын еселеп күшейтті. Олар кәзірдің өзінде совхоз бойынша 46 трактордың және барлық тіркеу саймандарының сапалы жөндеуіне қамтамасыз етті. МТС механизаторлары трактор қуатын дала жұмыстарына тиімді пайдалану арқылы астық өндірісін оған әрі өркендетуде зор табысқа ие болады.

Ф. КАТКОВ.

Возвышен астық совхозының аға агрономы.

не тінгі мәселені білмесе де өзін мықтымын деп есептеп отыра береді ғой. Егер осындай басшы егіс даласында, фермада, колхозшылар арасында бола қалса онда оған нақты сұраулар қойылауы мүмкін және оның істі білмейтіндігін жұрттың бәрі көруі мүмкін, мұның өзі басқаша іс.

Одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің және облыстық комитеттерінің есептері талқылаған кезде кейбір партия, совет органдарының ауыл шаруашылығын өркендету үшін қолда бар мүмкіншіліктерді нашар пайдаланатындығы ашылды. Бұл жөнінде Қазақ ССР-індегі жағдай айқын сыйпаттайды. Республикада қандай зор жер байлықтары барлығын, мал шаруашылығын өркендету үшін онда соншама қолайлы жағдайлар бар екендігін жоғарыда мен көрсетіп өттім. Қазақстан астықты Украинадан кем бермеуге мүмкіндігі бар, ол ет пен жүнді Украинадан гөрі бірнеше есе артық бере алады. Қазақстан көп мөлшерде мақта, жеміс, қант және басқа өнімдер бере алады. Онда пайдалы кен байлықтарын шығаруды арттыру үшін зор мүмкіншіліктер бар — онда көмір, мыс, басқа кен байлығы көп.

Бірақ, республиканың партия ұйымының басшылығы соңғы кезге дейін нашар болғандығын мойындау керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші секретары Шахметов жолдас мені ойымна адал адам және бұл жөнінде оған ешкім де ешқандай кіле тақпайды, бірақ, соншама зор республика үшін ол әлсіз басшы болды.

(Соңы 2-бетте)

## Партияның шақыруымен

Коммунистік партия жастарды тың және тыңайған жерлерді игеруге көмектесуге шақырды. Партияның бұл шақыруына еліміздің алдыңғы қатарлы комсомолеттері мен жастары қызу үн қосуда.

Мұндай патриоттардың қатарына Петропавл қаласындағы «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілері Клара Иванова, Клава Чинко және жетіжыдық мектепті бітіруші Евгений Губин жолдастарды да қосуға болады.

Комсомолет Евгений Губин 16 жаста. Ол жетіжыдық мектепте оқып жүрген кезінде Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағына мүшелікке өтті. Евгений ВЛЕЖО қатарына кірерде: «туысқан Коммунистік партияның жауынгер көмекшісі комсомол мүшесі деген ардақты есімге ешқашан да кір келтірмеймін, халыққа арқапан да шын нәсітіммен қызмет өтемін» — деген болатын. Оның сөзі мен ісі бірдей шықты. Евгений бүкілхалықтық істен тыс қала алмайтындығын білдіріп, өзін тракторшылар даярлайтын курсқа жіберуді сұрап, қалалық комсомол комитетіне өтініш берді.

Ал, комсомолка Клава Чинко және Клара Иванова жолдастар фабрика коллективінің таңдаулы жастары болатын. Енді олар өздерінің іскерлік кабинеттерін тракторшы мамандығын меңгеріп, тың және тыңайған жерлерді игеруге жұмсамақ.

Қалалық комсомол комитетіне механизаторлар даярлайтын курсқа жіберуді сұрап, тілек білдірген 240 жас жігіттер мен қыздардан өтініш түсті. Мұндай өтініштер әлі де түсуде.

М. ДӘУКЕНОВ.



# Елімізде астық өндіруді онан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы

**Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың СОКП Орталық Комитетінің Пленумында 1954 жылғы 23 февральда жасаған баяндамасы**

(Соңы)

Кәзіргі кезде Қазақстанның ауыл шаруашылығы алдында жаңа үлкен міндет — 6 миллион гектардан аса тың және тыңайған жерлерді игеру міндеті қойылып отыр. Республикада партия басшылығын жақсартпай тұрып, осы күрделі міндетті ойдағыдай шешуге болады деп есептеу қиын. Осыған байланысты СОКП Орталық Комитетіне Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері шақырылды. Солармен бірге республика ауыл шаруашылығының алдына қойылған міндетті орындау үшін қандай шара қолдану керек деген мәселе талқыланды. Талқылаудың нәтижесінде республикада партия басшылығын нығайту қажет деген қорытындыға бірауыздан келдік. Бұл мәселе Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының талқысына қойылды. Пленум республика басшылығын нығайтуға, Шахметов және Афанов жолдастарды секретарлық қызметінен босатуға қарар қабылдады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып Пономаренко жолдас және екінші секретары болып Брежнев жолдас сайланды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Пленумының мүшелері СОКП Орталық Комитетінде осы мәселе талқыланғанда қатысқан бюро мүшелерінен төрі республикада қалыптасқан жағдайға анағұрлым өткірлік баға бергендігін ескертін оту қажет болады.

Қазақстан Компартиясының съезінде де партия басшылығының мәселелерін талқылау сондай күшті болып өтті. Республиканың коммунистері республика алдында тұрған міндеттерді, Қазақстан партия ұйымына жүктелетін жауаптылықты терең ұғынғандығын көрсетті.

Жолдастар! Орталық Комитетке облыстық, өлкелік және республикалық орталықтар аудан орталықтарынан, МТС-терден, колхоздардан және совхоздардан түрлі кеңестер мен мәжілістерге қызметкерлерді үнемі шақыра береді деген көп хат түсіп жатыр. Бұған үлді-көсіңді тыйым салу керек. Жер-жерден адамдарды үнемі шақыра бермей, сол жердің өзіне бару керек, МТС-терде, колхоздарда және совхоздарда жиі-жиі болу керек, жұмыстың салмағын ұйымдастыру қызметіне көшіру керек — міне облыстық, өлкелік және республикалық қызметкерлерден осылар талап етіледі.

Мәжілістер өткізуге, қағаз жазуға әбден өті үйреніп алған бейімділігі кейбір басшыларды тұрмыстың құбылыстарын ұғына білу қабілетінен айырылуға, істің жайын мәлімет бойынша ғана ұғынуға әкеліп соқтырады. Олардың өздері шексіз көп қағаздар жазып, басқа қызметкерлерді де қағаз жазуға мәжбүр етеді, өздері жазған директиваларға жауап қайтарылуын талап етеді. Істің жайы тиісті мынаған соқтырып жүр: колхоздарға жіберілген көптеген зоотехниктер мен агрономдар уақытының көп бөлігін мәліметтер жасаумен өткізеді. Мәліметтерді жасайды да, оларды жоғары орындарға жөндетеді. Жоғары орындарда бұл мәлімет зерттеліп, талдау жасалып, қорытылады, ал, содан кейін осы мәліметтің негізінде жаңа директива жазылады. Мұның өзі келіге салып су түйгенмен бірдей емес пе, жолдастар? Басшылық етудің мұндай әдістеріне қарсы батыл күрес жүргізу керек.

Егер бізде партия және совет кадрларын іріктеп алу ісі жақсы жүргізілген болса Компартиялардың Орталық Комитеттерінің, өлкелік, облыстық және аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы көптеген қателіктер мен кемшіліктерге жол бермеуге болатын еді.

Көп жағдайда жарамсыз қызметкерді төменгі қызметке жіберудің орнына, олар бір облыстан басқа облысқа ауыстырылады. Мынадай жағдай да болып жүр: егер істі аяқтатқан қызметкерді басқа облысқа жіберуге болмайтын болса, ол жылдық курстарға, жетары партия мектебіне немесе Қоғамдық Ғылым академиясына ұсынылады. Ал, мұндай қы-

зыты келді, ал, бізді мақдәрігерлік қызметкерлерді, бір есе ауданға, біресе МТС-ке шақырып, кеңестер мен семинарларда үш-төрт күннен ұстайды. Енді қашан жұмыс істеуге мүмкіндік болады?»

Бұдан біраз уақыт бұрын аудандық партия комитеті үгітшілердің аудандық кеңесін өткізуді ұйғарыпты. Бірақ, аудандық комитет кеңеске ешқандай өзіндік жүргізбеген, сондықтан бұл кеңес, «сәтті» бір жағдай тап келе қалмағанда, іске аспай қалуы сөзсіз екен. Кеңестің тағайындалған күні аудандық атқару комитетіне мал шаруашылығының қызметкерлері шақырылған, сөйтіп, қалаға колхоздардан 400 адам жыйналған. Аудандық комитеттің секретары аудандық атқару комитетінің председателімен ұзақ уақыт айтысқаннан кейін, малшылардың кеңесін емес, үгітшілердің аудандық кеңесін өткізу ұйғарылған. Қатысушыларға үгітшілердің кеңесінде отырғандығын жариялағанда, олардың көпшілігі бұған қатты таңырқаған. Аудандық комитеттің бірінші секретары Насонов жолдас оларға Орталық Комитеттің сентябрь Пленумы туралы, өзінің бұрынғы бір баяндамасын оқып берген, сөйтіп, кеңесті жапқан да, облыстық комитеттің алдына есеп берген.

